

Кейбір аймақтық электр желісі компанияларының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 қыркүйек N 1502

Электр желісі компаниялары жұмысының тиімділігін арттыру, электр энергиясын тұтынушыларды 1999/2000 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету, электр желісі компанияларының жабдықтарын жұмысқа қабілетті жағдайда ұстап тұру үшін инвестициялар мен менеджментті тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ақтөбээнерго" ААҚ, "Атырау АЭК" ААҚ, "Қостанай АЭК" ААҚ (бұдан әрі - АЭК) акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығы, олардың жоғарыда көрсетілген акционерлік қоғамдар қызметінің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті айқындаған өлшемдерді орындауын көздей отырып, тиісті облыстардың жергілікті атқарушы органдарына берілісін.

2. Ақтөбе облысының әкімі "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ашық акционерлік қоғамымен ("KEGOC" ААҚ) және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттігімен бірлесіп:

1) төлеуді 2000 жылдың 1 сәуірінде аяқтай отырып "Ақтөбээнерго" ААҚ-ның "KEGOC" ААҚ-ның алдындағы берешектерін өтеудің кестесін әзірлесін;

2) "KEGOC" ААҚ-ның "Ақтөбээнерго" ААҚ-сы төлемдердің құрылымын айқындасын;

3))

ЕСКЕРТУ. 2-тармағының 3) тармақшасы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.03.31. N 485 қаулысымен. P000485_

3. Облыстардың әкімдері акциялардың мемлекеттік пакеттеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын жүзеге асыру кезінде:

1) заңдардың талаптарын ескере отырып, акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі - қоғамдар) бірінші басшыларын сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен (бұдан әрі - Комитет) келісуді қамтамасыз етсін;

2) Комитетпен күн тәртібінің мазмұны мен мынадай мәселелер:
акционерлік қоғамдардың үлгісін өзгерту;
қоғамдарды ерікті қайта ұйымдастыру және тарату;
жарияланған жарғылық капиталды өзгерту;

таза кірісте бөлудің тәртібі;

қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан астам проценттерін құрайтын сомада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру жолымен қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;

қоғамның өз капиталының мөлшерінің жиырма бес және одан астам проценттерін құрайтын сомаға қоғамның міндеттемелерін арттыру туралы шешім қабылдау; қоғамның жарғысына сәйкес ірі мәмілелерді бекіту;

қоғамның директорлар кеңесін сайлау, оның сандық құрамы мен оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды айқындау бойынша қоғамның жалпы жиналысында қабылдау үшін ұсынылатын шешімдердің жобаларын алдын ала жазбаша келіссін;

3) Комитеттің өкілдерін директорлар кеңесі мен тексеру комиссиясының құрамына е н г і з у д і қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 P990659_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:
к ө р с е т і л г е н қ а у л ы ғ а қ о с ы м ш а д а :

"Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлімдегі реттік нөмірі 118-2, 118-3, 118-6-жолдар алынып тасталсын.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Ақтөбе, Атырау және Қостанай облыстарының әкімдерімен бірлесіп осы қаулының 1-тармағында көрсетілген АЭК-ларды 2000 жылы сату (жекешелендіру) мақсатында стратегиялық инвесторларды тарту

жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ